

## Хаттама №10

### Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы

#### «Павлодар қаласының №33 жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Күні: 12.06.2024 ж.

Қатысты: барлығы

Педагогикалық кеңестің тақырыбы: Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау туралы.

#### Күн тәртібінде:

1. «Павлодар қаласының №33 жалпы орта білім беру мектебі» КММ ұжымына білім беру ұйымдарын Мемлекеттік аттестациядан өткізу туралы ақпаратты жеткізу, өзін-өзі бағалау.
2. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «Павлодар қаласының №33 жалпы орта білім беру мектебі» КММ өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамын бекіту.

Тыңдалды: мектеп басшысы А.А.Жексенов

Педагогикалық кеңестің басында мектеп басшысы сөз сөйлеп, қатысушыларды кезектен тыс педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Бірінші мәселе бойынша мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерін ұжымның назарына ұсынды.

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау ҚР Білім беру" Заны және Білім Министрлігінің 05.12.2022 жылғы №486 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
2. Мемлекеттік аттестаттау Білім министрлігінің 08.03.2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметінің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында бес жылда бір рет өткізіледі. Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын бұзудың себептері мен жағдайларының алдын алу мақсатында білім беру ұйымдарына әдістемелік ұсыныстар беруге бағытталған.
3. Білім министрлігінің 12.05.2022 жылғы №486 бұйрығы негізінде мектеп 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 қосымшаларды толтырады.
4. Білім беру ұйымы өзін-өзі бағалаудың қорытындысын аттестаттауды өткізудің белгіленген күніне дейін бір айдан кешіктірмей өзінің Интернет-ресурстарында орналастырады,
5. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы жыл сайын өткізіледі, бұл ретте қорытынды аттестаттауды ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылады.
6. Бұзушылықтар туралы мәліметтер:
  - қорытындыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша ұйым бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде бір жылдан аспайтын мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою шаралары туралы ақпаратты ұсынады;
  - бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін білім беру ұйымы бұзушылықтарды жою туралы есеп беруге міндетті;

- білім беру ұйымының актісі негізінде Мемлекеттік білім беру стандартын бұзушылықтар толық жойылған жағдайда бес күн ішінде екінші қорытынды беріледі;

- бұзушылықтар жойылмаған немесе белгіленген мерзімде есеп ұсынбаған жағдайда білім беру ұйымы аттестациядан өтпеген болып саналады, бұл ӨК өткізуге негіз болады.

7. Нормативтік құқықтық салада мемлекеттік аттестаттау:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізінде жүзеге асырылады;

- мемлекеттік аттестаттау мақсаты білім беру ұйымы көрсететін білім беру қызметінің тиісті білім деңгейіне арналған Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау болып табылады (1-баптың 44-1 тармақшасы);

- мемлекеттік аттестаттау рәсімі меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері бес жылда бір рет

профилактикалық бақылау арқылы жүзеге асырады (5-баптың 9-тармақшасы);

- мемлекеттік аттестаттау бағыты - білім беру ұйымына құқық бұзушылықтар жасаудың себептері мен жағдайларының алдын алу және алдын алу бойынша әдістемелік көмек (ұсынымдар) көрсету (59-баптың 8-5-тармағы).

8. Мемлекеттік аттестаттаудың негізгі сипаттамалары.

А) білім деңгейлері:

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту;

- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім;

- техникалық және кәсіптік оқыту;

- әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім.

Б) Бақылау сипаттамалары:

мақсаты: білім беру ҚБ-ның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі;

- бақылау нысаны: барусыз немесе бару арқылы профилактикалық бақылау;

- жиілігі: 7 күннен аспайтын мерзімде 5 жылда бір рет өткізіледі;

- білімді тексеру нысаны: кешенді тестілеу;

- қорытынды нысандары: аттестатталған аттестатталмаған.

В) Білім министрлігінің «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы» бұйрығы.

9. Мемлекеттік аттестаттауды өткізу алгоритмі.

- ҚБ оқу қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізеді;

- бақылау органы мемлекеттік аттестаттау жүргізеді;

- өзін-өзі бағалау материалдарын талдау, зерделеу және салыстыру арқылы комиссия қарастырады.

- білім беру қызметінің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша аттестатталған;

- Білім беру қызметінің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкессіздігі жойылмаған жағдайда аттестациядан өтпеген;

- аттестатталған ҚБ-ға қатысты оқушылардың білім, білік және дағдыларының сапасын одан әрі арттыру үшін есептегіш құралдар пайдаланылады, қорытындыға «үздік», «жақсы», «орташа» бағаларымен бағалау парағы беріледі.

10. Білім беру іс-әрекетінің өзін-өзі бағалауы:

-ҚБ ішкі өзін-өзі бағалау (ҚБ материалдық-техникалық базасы бойынша бейне контент ұсынылады);

- бағыттар бойынша білім беру қызметін талдау және зерделеу арқылы жүзеге асырылады (инвариантты компонент сабақтарының бейне мазмұны ұсынылады);

- МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау критерийлері пайдаланылады (бітіру сыныптарының білім алушыларына кешенді тестілеу жүргізіледі);

- МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде бағалау критерийлері пайдаланылады (ДҰ ұйымдарындағы ата-аналар арасында сауалнама жүргізіледі).

11. Бағалау критерийлері:

- нәтижеге бағдарланған білім беру мазмұны

- оқушылардың оқу жүктемесінің максималды көлемі;

- оқушылардың дайындық деңгейі;

- оқу мерзімі.

12. Бағалау критерийлеріне есептегіштер:

- нәтижеге бағдарланған білім беру мазмұны;

- оқушылардың дайындық деңгейі оқу нәтижелері («үздік», барлық тестіленетін пәндер бойынша оң жауаптардың үлесі 70% дан астам; «жақсы» 60% дан астам; «орташа» 40%)

13. Кешенді тестілеу:

4-сыныпқа арналған формат: 60 мин, оқыту тілі бір жауабы бар 15 тапсырма; математика бір жауабы бар 15 тапсырма; барлығы 30 тапсырма; максималды балл -30,

9-сыныпқа арналған формат: 90 мин, оқыту тілі-бір жауап нұсқасы бар 20 тапсырма; математика-бір жауап нұсқасы бар 20 тапсырма; инвариантты компонент пәні бір жауап нұсқасы бар 20 тапсырма; барлығы 60 тапсырма; максималды балл - 60.

Шешім: Ұжым осы ережемен танысты.

2.Тындалды: Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымына мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «Павлодар қаласының №33 жалпы орта білім беру мектебі» КММ өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы ұсынылды.

Шешім. комиссияның құрамына бір ауыздан дауыс берілді.



*Handwritten signature in blue ink.*

А.А.Жексенов  
Г.Ә. Қожакеева